

**ХАЛЕЛ  
ДОСМУХАМЕДУЛЫ**



**ЕНБЕКТЕРІ**

**ЖАНГУАРАР**

ӘОЖ 811.512.122

КБЖ 81 Қаз-3

Д 64

Кітап Атырау облысы әкімдігінің қолдауымен жарық көрді

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің  
Ғылыми кеңесі мақұлдаған

Жауапты редакторы Фарифолла ӘНЕС,  
филология ғылымдарының докторы

Досмұхамедұлы Х.

Д 64 Еңбектері: Үшінші том. Жануарлар/Құраст. проф. Ф.Әнес.–  
Алматы: «Арыс» баспасы, 2017. – 536 бет.

ISBN 978-601-291-362-0

Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Алаш қозғалысының көсемі, профессор Халел Досмұхамедұлының (1883 – 1939) шығармашылығының толық жинағы – «Еңбектерінің» үш томдығы тұңғыш рет жарық көріп отыр. Фалымның таңдамалы жинағының үшінші томын оның XX ғасырдың басында жарық көріп, үш реттен басылған, үш кітаптан тұратын «Жануарлар» атты окулығы құрап отыр.

Араға ғасыр салып қайтадан ортамызға оралып отырған бұл араб қаріпті алғашқы қазақ оқулықтары бүгінгі жоғары мемлекеттік мәртебеге ие тіліміздегі зоология саласына қатысты пән сөздердің қалыптасу тарихын ғана көрсетіп қоймайды, сонымен бірге жаңа терминдердің пайда болуына да негіз болары сәзсіз.

Кітап қазақ руханиятымен қызығушы әрбір жанға, әсіреле студенттерге, магистранттарға, жас мамандарға арналады.

ӘОЖ 811.512.122  
КБЖ 81 Қаз-3

ISBN 978-601-291-362-0 (3-том)  
ISBN 978-601-291-360-6

© Досмұхамедұлы Х., 2017  
© Құраст. Ф.Әнес, 2017  
© «Арыс» баспасы, 2017

## **ҚҰРАСТЫРУШЫДАН**

ХХ ғасырдың басында Ресейдің орталық қалаларынан білім алғып, оқыған-тоқыған қазақ зиялышарының соңында қалған рухани жазба мұраларды танып-біліп, қайталаپ жариялау ісінде, әсіресе түрлі пәндер бойынша алғашқы қазақ тілді оқулықтармен танысу үстінде оларға қатаңтау талап көзімен қарап, «Тым қарабайыр емес пе екен, бүгінгі ілім-білім биігінен зерделегендे қазіргі оқырманға қаншалықты пайдасы бар?» деген сауал қашанда көкейімізде тұрғаны жасырын емес. Әйтседе сол жаратылыстану ғылымына арналған азды-көпті жәдігерлердің ішінде проф. Халел Досмұхамедұлы мен Елдес Омаровтың кітаптары айрықша көзге түсіп, өзінің көлем-ауқымымен, жатық тілімен, өрнекті суреттерімен өркештеніп, қолға алудың өзіне жүректі шайлықтыруши еді. Оның үстіне үнемі жетіспейтін уақыт атты құдірет бар, қалай десекте Алаш арыстары «Ақталған» отыз жылда көбінше әдеби-мәдени мұраларды ғана жарыққа шығаруға шамамыз жетіп келе жатқаны жасырын емес.

1998 жылы Х.Досмұхамедұлы шығармаларының «Тандамалы» жинағын құрастырган кезімізде оның бес бірдей оқулығы мен проф. Ю.Вагнерден аударған қос кітапшасынан шағын-шағын үзінділер беріп, жалпы жұртшылыққа олардың «дәмін» алғаш рет татқызығанбыз; қызықкан мамандар, әсіресе Қазақстандағы анатомия, биология, зоология ғылымдарының бастау-көзін індешушілер, термин тарихын зерттеушілер осы игі бастаманы әрі қарай іліп әкетер, тіпті бізге араб қарпінен қотаруға өтініш-тілек білдірер деп ойлағанбыз...

«Сабакты ине сәтімен» деген, энциклопедист-ғалым проф. Халел Досмұхамедұлының атамыш оқулықтарымен көвшілікті толыққанды таныстырудың жолы енді ғана түсіп отыр. Қолымызды оның жалғыз дана «Жануарлар» атты альбом-кітапшасы беттері жұлымданып, толық болмағаннан кейін бұл жинаққа енгізілмеді. Алдағы күндерде Халекен шығарған «Сана» журналының сандарымен бірге оны да қалың оқырман қолына тигізermіз деген үмітіміз бар.

Белгілі бір ескерткіш-мұраны көп назарына ұсыну – оны бір таңбадан екіншісіне жалаң көшіре салу емес. Оның бойындағы көненің көзі ескіліктерді сақтай отырып, мәтінді окуды тым күрделендіріп, ұсақ-түйек сәйкесіздіктер қалың оқырманның қолына байлау, көзіне кедергі болмауын да ескеру қажет. Сондықтан осы орайда мұратанулық жаңа жүйе қалыптастыра отырып, оқырманға мына жайттарды ескертеміз.

- Ұяң **б** жазылатын орындарда қатаң **п** таңбаланды (барыб, келіб; айтбады, кетбеді; құлаңбен, тасбен).

- Жарты дауысты **у, й** дыбыстарының қос таңбалы **үү/үү, ый/иі** түрлері жалаң **у, и** түрінде алынды.

- Есімшенің **-тын/-тін** журнағы **-түн/-түн** түрінде (баратун, келетун), жіктік жалғауының 2-жагының тұлғасы **-сын** (сен барасын) түрінде жазылса да қазіргі емлеге сәйкестендірілді (баратын, келетін, сен барапын).

- Орыс тілінен енген таңбалар: **ъ, ъ, э, ю, я, ч, щ, ц** мұлдем қолданылмады, арнайы орыс әріпперімен жазылған жағдайда өзгеріссіз қалдырылды.

- **Я, ю** әріппері қазақ тілінің төл сөздерінде (аю, қоян) қазіргі орфографиямызды сақтап жазылды, сондай-ақ кейір мемлекет атауларында көз кедергі болмас үшін қалдырылды (Франсия, Сербия) және орыс және шетел кісі фамилияларының соңындағы **в** да сақталды.

- Көптеген араб тілді төркіндес сөздердің басындағы **х, һ, ғ** әріпперінің таңбалануы үнемі сақтала бермеді, олар жарыспалы қолданған жағдайда көбінше қазіргі нұсқаларына жіп тағылды (қайла – айла, ғаділдік – әділдік, ғазап – азап, ғайал – әйел, т.с.с.).

- Кітаптағы даража/дәреже, тажириба/тәжірибе, жана/және, т.б. және кейір кірме сөздер әртурлі жазылған (йануар, ғинуар – январь), олар сол күйінше таңбаланды.

Бүгінгі оқырманның түсініп окуына мүмкіндік туғызу мақсатымен тыныс белгілерін көп жағдайда өзіміз қойдық. Ұзақ сөйлемдердегі нұктелі үтірлердің (;) көпшілігінің орнына нұкте қойылып, сөйлемдер бас әріпперден басталатын болып бөлінді.

Қорыта айтқанда, қолыңыздағы жаңа еңбекті көріңіз, оқыңыз, баға беріңіз!..

Ең бастысы – бүгінгі қоғамымыздығы окулық мәселесі ушығып, жазу-сызуымыз реформаланып, терминология тығырыққа тірелген сәтте ғұлама бабаларымыздың, дана аталарымыздың мұрасына жіті үнілу қашанда Темірқазық мақсат болмақ.

**проф. Фарифолла ЭНЕС**